

"2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Меркі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы №39-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Жамбыл облысы Меркі аудандық мәслихатының 2019 жылғы 28 наурыздағы № 44-4 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 29 наурызда № 4160 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына және "2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 30-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 19 наурыздағы № 32-5 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4150 болып тіркелген) негізінде аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "2019-2021 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Меркі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 39-3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4060 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электронды түрде 2019 жылдың 9 қаңтарында жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін :

1 тармақта:

1) тармақшада:

"12 014 346" сандары "12 158 369" сандарымен ауыстырылсын;

"1 428 500" сандары "1 425 167" сандарымен ауыстырылсын;

"7 650" сандары "10 983" сандарымен ауыстырылсын;

"10 531 836" сандары "10 676 369" сандарымен ауыстырылсын;

2) тармақшада:

"12 014 346" сандары "12 234 339" сандарымен ауыстырылсын;

5) тармақшада:

"-19 916" сандары "-95 886" сандарымен ауыстырылсын;

б) тармақшада:

"19 916" сандары "95 886" сандарымен ауыстырылсын;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары "0" саны "75 970" сандарымен ауыстырылсын.

Аталған шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау алтыншы шақырылған аудандық мәслихаттың әлеуметтік–экономикалық, қаржы, бюджет пен салық және жергілікті өзін-өзі басқару, индустриялық-инновациялық даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2019 жылдың 1 қаңтарынан қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы

Н. Дүйсебаева

Аудандық мәслихат хатшысы

І. Ахметжанов

Меркі аудандық мәслихатының

2019 жылғы 28 наурыздағы

№ 44-4 шешіміне қосымша

Меркі аудандық мәслихатының

2018 жылғы 21 желтоқсандағы

№ 39-3 шешіміне 1 қосымша

2019 жылға арналған аудандық бюджет

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы		Ішкі сыныбы	
	Атауы		
1	2		3
		1. КІРІСТЕР	12158369
1		Салықтық түсімдер	1425167
01		Табыс салығы	311667
	2	Жеке табыс салығы	311667
03		Әлеуметтік салық	310000
	1	Әлеуметтік салық	310000
04		Меншікке салынатын салықтар	743000
	1	Мүлікке салынатын салықтар	739000
	3	Жер салығы	500
	5	Бірыңғай жер салығы	3500
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	38300
	2	Акциздер	17500
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	5500
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	14300
	5	Ойын бизнесіне салық	1000

08	Зандық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	22200
	1 Мемлекеттік баж	22200
2	Салықтық емес түсімдер	10983
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3311
	5 Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	1000
	9 Мемлекет меншігіне түсетін басқа да кірістер	2311
04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	22
	1 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	22
06	Өзге де салықтық емес түсімдер	7650
	1 Өзге де салықтық емес түсімдер	7650
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	45850
	03 Жерді және материалдық емес активтерді сату	45850
	1 Жерді сату	45150
	2 Материалдық емес активтерді сату	700
4	Трансферттердің түсімдері	10676369
	02 Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	10676369
	2 Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	10676369

Функционалдық топ			Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
Бағдарлама			
		Атауы	
1		2	3
		2. ШЫҒЫНДАР	12234339
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	386208
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	25108
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	24578
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	530
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	113393
		001 Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	111393
		003 Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2000
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	23154

	001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22534
	022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	620
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	75187
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін орындау және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19272
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2200
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	2000
	018	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	390
	028	Коммуналдық меншікке мүлікті сатып алу	7335
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	56455
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	19908
	001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19908
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	106716
	001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15043
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	91673
493		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	10277
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9887
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	390
02		Қорғаныс	1000
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1000
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1000
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	12032
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	12032
	021	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	12032
04		Білім беру	8255727
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	924646
	024	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	552053
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	372593
	464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	6225041
	003	Жалпы білім беру	5910748
	006	Балаларға қосымша білім беру	314293

465	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	167936
017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	167936
466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	470894
021	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	470894
464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	467210
001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37686
005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	150000
015	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	21444
029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	34642
067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	206806
113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	16632
06	Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	772866
451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	220500
005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	220500
464	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	14934
030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	1343
031	Жетім балаларды және ата-аналарының қамқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	13591
451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	482034
002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	276851
004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	28000
006	Тұрғын үйге көмек көрсету	200
007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	38802
010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	8995
014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	20000
017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну	55420
023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	53766
451	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	54888

	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	37228
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	2000
	021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	200
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	8700
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	6760
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	510
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	510
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	694665
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	114771
	004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	114771
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	50000
	012	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	50000
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	445444
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	445444
458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	84450
	033	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	7000
	058	Елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	17280
	015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	54877
	016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	293
	018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	5000
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	432138
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	164499
	003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	164499
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	7500
	011	Мәдениет объектілерін дамыту	7500
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	21857
	001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11745
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	1000
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	6612

	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	2500
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	5500
	008	Спорт объектілерін дамыту	5500
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	125000
	006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	102360
	007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1200
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары	21440
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	18000
	002	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	18000
455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	15077
	001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	15077
456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	74705
	001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	32708
	003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	36997
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5000
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	333051
	462	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	23451
	001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	19005
	006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1284
	113	Жергілікті бюджеттерден берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер	3162
466		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	1000
	010	Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту	1000
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	96123
	001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20772
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	35000
	005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3100
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	5550
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	3000
	008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	6000
	009	Жануарлардың энзоотиялық аурулары бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу	11509
	010	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	11192
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	61581

	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60457
	007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1124
473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	142009
	011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	142009
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	8887
	099	Мамандардың әлеуметтік көмек көрсетуі жөніндегі шараларды іске асыру	8887
11		Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	65140
	466	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі	65140
	001	Құрылыс, облыс қалаларының, аудандарының және елді мекендерінің сәулеттік бейнесін жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағын оңтайла және тиімді қала құрылыстық игеруді қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	17302
	013	Аудан аумағында қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын, аудандық (облыстық) маңызы бар қалалардың, кенттердің және өзге де ауылдық елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	47000
	015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	838
12		Көлік және коммуникация	595463
	458	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	595463
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	31750
	045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	467107
	051	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	96606
13		Басқалар	23518
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	1518
	040	Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру	1518
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	22000
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	22000
15		Трансферттер	662531
	452	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	662531
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	84
	024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	380804
	038	Субвенциялар	279693
	051	Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін трансферттер	1950
		3. Таза бюджеттік кредит беру	19916
		Бюджеттік кредиттер	45450
10		Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	45450

		Ауыл шаруашылығы	45450
453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	45450
	006	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	45450
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	25534
Санаты			
	Сыныбы		
	Ішкі сыныбы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	25534
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	25534
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	25534
		4. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттік қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-95886
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	95886
7		Қарыздар түсімі	45450
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	45450
	2	Қарыз алу келісім шарттары	45450
16		Қарыздарды өтеу	25534
452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	25534
	008	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	25534
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	75970